

# АТЫРАУ ИНЖЕНЕРЛІК ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



## БЕКІТЕМІН

Атырау инженерлік-гуманитарлық  
институтының ректоры, профессор  
Ихсанов Е. У.

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020 ж.

**Әлеуметтік және тәрбие жұмысының 2020-2021 оқу жылына арналған  
ЖОСПАРЫ**

Атырау, 2020 ж

## **ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ, БАСҚАРУ ФАКТОРЛАРЫ;**

Атырау инженерлік гуманитарлық институтының 2020-2021 жылдарға арналған әлеуметтік-тәрбие жұмыс жоспары «Қазақстан Республикасы Конституциясы», Қазақстан Республикасы «Білім туралы Заңы», негізгі заңдар мен нормативтік құжаттарын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2012 жылғы, 29 маусымдағы №873 «Барлық Білім Беру Ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешендік жоспарды бекіту» туралы қаулысына сәйкес әзірленіп, қолданысқа беріледі.

Студенттердің өз елінің патриоттары ретінде қалыптасуын, өзін-өздері танытуларына, болашақ мамандық иесі болып, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне тәрбиенің түрлі әдіс-тәсілдерін жүзеге асыра отырып оңтайлы жағдай жасау.

Бәсекеге қабілетті, елін сүйетін ұлтжанды азамат, ақпараттық мәдениеті жоғары дамыған шығармашыл құзыретті тұлға, эстетикалық сезімі кең, жаны нәзік, сұлу, салауатты, өзін-өзі, басқаны да өрге сүйрейтін қайратты, рухы таза, өнерпаз, ертеңгі ата-ана, өз елінің, басқа да елдердің салт-дәстүрін, өнерін құрметтейтін студенттерді дайындау.

Институттың әлеуметтік-тәрбие жұмыстары жөніндегі жоспарын тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор құрастырып, ал факультеттің тәрбие жұмысы жөніндегі жоспарын, тәрбие жұмысын декандар құрастырып, жүзеге асырады. Академиялық топтардың тәрбие жоспарын жыл бойы өткізген іс-шаралар бойынша кураторлар құрастырады. Жоспар бір оқу жылына құрасытырылады. Кафедра меңгерушілері кафедрадағы тәрбие жұмысын тәртіпке келтіреді. Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректордың қолы қойылған институт деңгейінде өткізілген тәрбие жұмысы жөніндегі жоспарды ректор бекітеді. Факультет бойынша жүргізілетін тәрбие жұмысы жоспарын факультет деканы бекітеді. Куратор мен кафедра меңгерушісінің қолы қойылған куратор жоспарын декан бекітеді. Өткізілген қандай да болмасын іс-шара (кураторлық сағат, көрме, концерт, музейлерге бару) хаттама түрінде құжатталуы тиіс. Институттың тәрбие жұмысын, тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор басшылық беріп, ұйымдастырады және оның қарамағындағы институт деканы, кафедра меңгерушілері, әлеуметтік істер жөніндегі департаменті, Рухани Жаңғыру орталығы, жастар ісі жөніндегі комитеті, қазақстан студенттер Альянсының институт көшбасшысы, жатақхана меңгерушісі, әртүрлі үйірмелер клубының төрайымы жұмыс істейді. Бөлімдердегі (кафедралардағы) тәрбие жұмысын тікелей басқаруды кафедра меңгерушілер және олардың қарамағындағы студенттік топ кураторлары жүзеге асырады.

Тәрбие жұмыстары жөніндегі жоспарды орындағаны бойынша есеп әр семестр қорытындысы бойынша жылына екі рет келесідей бағытта: кафедра меңгерушісіне, декандарға, тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер

жөніндегі проректорға тапсырылады.Әлеуметтік-тәрбие жалпы жұмыс жоспарына әрбір бөлімдердің тәрбие жұмысының қосымшалары бірге қарастырылады:

*1-қосымша*

- 1.Әлеуметтік мәселелер және тәрбие ісі жөніндегі департамент
- 2.Жастар комитеті
- 3.Рухани жаңғыру орталығы
- 4.Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы
- 5.Студенттер альянсы
- 6.«Adaldyq alany» жобалық кеңсе
- 7.Студенттер кеңесі
- 8.Кураторлар кеңесі
- 9.Үйірмелер
- 10.Студенттер жатақханасы

**Міндеттері:**

Атырау инженерлік – гуманитарлық институтында әлеуметтік-тәрбие жүйесін жетілдіру, қоғамның еркін, салауатты, рухани бай, адамгершілігі мол тұлғаны қалыптастыруға бейімдейтін өскелең ұрпақ тәрбиесінің болашағы мен әлеуметтік маңыздылығын ұғына білуге жәрдемдесу;

- Әлеуметтік-тәрбие міндеттерін іске асыру үшін зияткерлік, ұйымдастыру-

педагогикалық, кадрлық, экономикалық, әдістемелік жақтары мен басқа да ресурстарға зейін қоя отырып, адам құқығы мен бостандығына, мемлекеттік рәміздерге, ұлттық салт-дәстүрлерге қатысты азаматтық, патриотизм, құрметтеуге тәрбиелеу;

- Студенттердің гуманистік көзқарасын, өзінің рухани, интеллектуалды, адамгершілік, өнегелі өміріне, өз денсаулығы мен амандығына деген жауапкершілікті қалыптастыру:

- Жастардың түрлі әлеуметтік топтарда қызметті ұйымдастыруда және өзара қарым-қатынасты реттеуде жетекші рольді өз қолына ала білетін және жауапты шешімдер қабылдай алатын дербес жеке тұлға болуға қатысты қажеттілігін қалыптастыру үшін ашық ақпараттық, білім беру қызметі мен коммуникативтік әлеуметтік кеңістік жағдайларын жасау;

- Мемлекеттік және басқа да тілдерді меңгеру, өзінің және Қазақстан халықтарының басқа да халықтарының салт-дәстүрлері мен мәдениетін зерделеу және қабылдау арқылы жастардың әлемдік және ұлттық мәдениетті меңгеруіне жағдай жасау:

- Заманауи қоғам өмірі мен тиімді кәсіптік қызметке қажетті жеке бас және маңызды сапаларды қалыптастыру, үздіксіз және кәсіптік өзін-өзі жетілдірудегі қажеттілікті дамыту.

**Әлеуметтік-тәрбие жұмысын ұйымдастыру ұстанымдары**

Әлеуметтік-тәрбие жұмысының бағдардамасы келесі ұстанымдар негізінде құрылу керек:

-әлеуметтік-тәрбие жұмысының ғылымилығы, кешенділік, бірізділік және тәрбие жұмысының үздіксіз жүргізілуі;

- жастардың бостандығы мен құқығының сақталуы, жастар міселесін шешідегі демократиялық;

- оқытумен тәрбиелеудің бірлігі, оқытудың қоғамдық дамудың қажеттіліктері мен байланысы;
- жастарға қатысты мәселелерді шешудегі жаңашылдық;
- студент жастардың жынысына, ұлтына, діни сеніміне, әлеуметтік жағдайына қарамай тұтастай қамтылуы;
- іс – әрекеттің мақсаттылығы мен тиімділігі;
- тәрбие жұмысының түрі мен жеке және ортақ әдістердің үйлесімділігі;
- студент жастардың бірлестіктерінің іс – әрекеттеріне барынша қолдау көрсету.

### **Әлеуметтік-тәрбие жұмысының негізгі бағыттары:**

Тәрбие жұмысын жүзеге асыру келесі бағыттарды қамтиды:

- Азаматтық-патриоттық және құқықтық тәрбие
- Рухани-адамгершілік тәрбиесі
- Экологиялық тәрбие
- Эстетикалық тәрбие
- Салауатты өмір салтын қалыптастыру

### **• Азаматтық –патриоттық және құқықтық тәрбиенің мақсаты -**

Отанына деген сүйіспеншілігі ең азаматтық сана сезімі негізінде өз еліне пайда келтіруге деген талпынысын, сондай – ақ әдеп және құқықтық нормаларын ескере отырып, қарым – қатынасқа түсу қабілеттілігін қалыптастыру

### ***Әлеуметтік-тәрбиелік міндеттері:***

- Жастар санасына патриоттық құндылықтарды, көзқарастар мен нанымдарды сіңіру, Қазақстанның бұрынғы мәдениеті мен тарихын, дәстүрін құрметтеуге, мемлекеттік, әсіресе әскери қызмет мәртебесін арттыру;
- Жастардың Отанға адалдығын, қоғам мен мемлекетке лайықты қызмет етуге дайындығын, борышы мен қызметтік міндеттерін адал орындауға оңтайлы жағдайын қамтамасыз ететін әскери-патриоттық тәрбиесінің жаңа тиімді жүйесін жасау.
- Отанға деген сүйіспеншілігімен құрметін қалыптастыру;
- Мемлекеттік тілде сөйлеуге деген талпынысын дамыту;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеу мен бағалауға деген ұмтылысын қалыптастыру;
- Ел тарихы мен мәдениетін білу арқылы Қазақстан Республикасының негізгі құндылықтарын зерделеуге көмектесу;
- Өз мемлекеті туралы әңгімелеп беру қабілеттерін қалыптасытру;
- Азаматтық құқықтары мен міндеттері туралы алғашқы түсініктерін қалыптасытру және оларды түсіндіре алуы;
- Өз Отанының тағдырына, оның өткеніне, бүгіні мен болашағына өз қатысты екендігін сезіну қабілеттерін дамыту;
- Түрлі саладағы Қазақстандықтардың жетістіктеріне деген мақтанышын Қалыптастыру;
- Өз Отанына деген мақтаныш сезімдерін ояту;
- Қоғамдық орындарды, отбасында өзін –өзі ұстау мінез – құлық ережелері туралы білімдерін және сол ережелерді қолдана білу қабілеттерін қалыптастыру;

- Іс –әрекеті үшін жауап беру мн мінез құлқын түсіндіре алу қабілеттерін қалыптастыру;
- Құқықтық нормалар мен жалпы адамзаттық құндылықтардың байланысы жайлы түсініктерін қалыптастыру;
- Адам құқығын сақтау қажеттілігін түсіндіру қабілеттерін қалыптастыру ;
- Күш көрсету жағдайында қорғану дағдыларын қалыптастыру;

**Рухани адамгершілік тәрбиенің мақсаты** - өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыру; Рухани адамгершілік құндылықтар мен білім жүйесін дамытып қалыптастыру; Кәсіптік және адамгершілік әдептерге байланысты білімдерді оқу, өндірістік және қоғамдық іс әрекеттерде іске асыру;

***Әлеуметтік-тәрбиелік міндеттері:***

- Ізгілікті және адамгершілікке жат әрекеттер туралы түсініктерін қалыптастыру;
- Өз іс – әрекетінің жеке басына және жеке өзгелерге тигізер зиянын бағалау қабілеттерін қалыптастыру;
- Адамгершілікті мінез – құлық тәжірибесін қалыптастыру;
- Әсемдік туралы ғалым –талғам түсініктерін қалыптастыру;
- Студенттерге талғамды қабылдауға қабілеттендіру;
- Талғам құндылықтарын меңгеруге деген ұмтылысы мен қабілеттерін дамыту;
- Талғамсыздық пен бейберекеттіліктің баршасына жағымсыз көзқарасты қалыптастыру;
- Талғам құндылықтарын меңгеру дағдыларын дамыту;

**Экологиялық, экономикалық тәрбиенің мақсаты** – студенттердің табиғатқа сүйіспеншілігін және оған қарым-қатынасын тәрбиелеу мақсатында экологиялық ойлауын қалыптастыруға себепші болу.

***Тәрбиелік міндеттері:***

- Студенттердің экологиялық дүниетанымын қалыптастыру, экологияны оқыту кезінде пәнаралық байланысты пайдалана білу;
- негізгі табиғат қорғау дағдысын, алған теориялық білімін практикада қолдана білу қабілетін қалыптастыру;
- қоршаған орта жағдайы үшін өзіне жауапкершілік ала білуі және өз елінің экологиялық мәселелерін шеше білуі.
- Студенттердің табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен қарым-қатынасын тәрбиелеу және экологиялық білімін көтеру мақсатында өткізілген жұмыстар жүйелі түрде жүргізу.

**Эстетикалық тәрбиенің мақсаты** –студенттердің бойындағы көркем-эстетикалық мәдениетті қалыптастыру, оны жоспарлы және мақсатты түрде сіңіру болып табылады. Әр адамның ақыл – ойын, әсемдік жөніндегі

сауаттылығын арттырып, мінез – құлқының, тән – жанының қалыптасуына ықпал ету. Жасампаздықты мұрат тұтып, өзінің тұрмысын, мінез – құлқын, адамдармен қарым – қатынасын ұйымдастыра білу қабілетін, қиялын, эстетикалық талғамын дамыту.

***Тәрбиелік міндеттері:***


- Жастардың эстетикалық қабылдауын жүйелі түрде дамыту.
- Жастардың эстетикалық түсінігі мен құштарлығын, сезімталдық қабілетін дамыту,
- Жастардың көркемдік талғамын тәрбиелеу;
- Жастардың күшіне сай өзін өнерде көрсете білу қабілетін, айналаға қабілетті әдемілік жасауға талпынысын тәрбиелеу;
- Жас ұрпақты мамандығына қарамай, өмірдегі, табиғаттағы әсемдікті қорғауға, бағалауға, сақтауға үйрету.
- Табиғаттағы әсемдікті, өнердегі көрсеткіштер мен сәулет өнері туындыларын көзінің қарашығындай етіп аялауға баулу

**Спорт және салауатты өмір салтын қалыптастырудың мақсаты** – салауатты өмір салтын қалыптастыра отырып, денешынықтыру спортпен айналысуға ынта- қызығушылығын дамыту, студент жастарының жағымсыз әдеттерден аулақ болуын және өз денсаулығына үлкен жауапкершілікпен қарауын арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттау.

***Тәрбиелік міндеттері:***

- Жеке денсаулық жағдайы мен ерекшелігі туралы түсініктерін қалыптастыру;
- Денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы білімдерін қалыптастыру;
- Денсаулықтың ден, психологиялық, әлеуметтік және рухани байлықтармен біртұтастығы және денсаулықты сақтау әдістері туралы түсініктерін қалыптастыру;
- Жағымсыз әсерлерге қарсы тұру қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыру;
- Күн тәртібін сақтау қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыру;
- Спортпен шұғылдануға деген ұмтылысын дамыту;

## Институт құрылымы



<i>№</i>	<i>Тәрбие бөлімінің құрылымы</i>	<i>Жетекшісі</i>	<i>Үйірменің мақсаты</i>
1	Жастар комитеті	Қыздарбаев Р. Р	<b>Мақсаты:</b> Жастар ісі жөніндегі комитет институттың мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырудағы негізгі құрылымы болып табылады. Жастар ісі жөніндегі комитет студенттердің саяси және мәдени көз-қарастарының қалыптасуына әсер етіп, олардың бойларында тұлғаның эстетикалық және моральдық қасиеттерін орнықтыру.
2	Рухани жаңғыру орталығы	Бигалиев Е. А	<b>Мақсаты:</b> Қоғамдық сананы жаңғырту саласындағы ғылыми-әдістемелік базаны қалыптастыру қызметін үйлестіру. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында қоғамдық-саяси жағдайды мониторингілеу және талдау; Қоғамдық сананы жаңғырту саласындағы бағдарламалар мен жобаларды іске асыру мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын бақылау.
3	«Adaldyq alany» жобалық кеңсе	Қыздараев Р.Р	<b>Мақсаты:</b> Тұрмыстық жемқорлықты жою және қолайлы орта құру Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.
3	Жасыл ел студенттер отряды	Джексенбаев М.А	<b>Мақсаты:</b> Елімізді көгалдандыру, жастардың бойында еліне деген құрмет пен сүйіспеншілік, табиғатқа деген аяушылық сынды қасиеттерді қалыптастыру болып табылады.
4	Студенттер жатаханасы	Қыздарбаев Р.Р	<b>Мақсаты:</b> Басқа облыстар мен қашық аудан, елді мекендерде тұратын студенттердің әдеуметтік жағдайын ескеріп институттың студенттер жатақханасымен қамтамасыз ету;
5	Кураторлар кеңесі	Тулендиева А.Б.	<b>Мақсаты:</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• тәрбие жұмыстарын алдағы уақытта жақсарту жөнінде ұсыныс</li> </ul>



			<p>дайындау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• ұйымдастыру, реттеу және үйлестіру қызметтерін орындау;</li> <li>• студенттік топтарда тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру және өткізуде ПОҚ – на әдістемелік көмек көрсету.</li> <li>• Кураторлар оқу – тәрбие үрдісі жүйесінде ерекше орынға алады және тәжірибеде көрсетілгендей, студенттерге үлкен тәрбиелік ықпал тигізеді.</li> </ul>
6	Студенттер кеңесі	Әділов А.Е	<p><b>Мақсаты:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Институтта өзін өзі басқаруға жастардың құқығын кеңейту, студенттердің белсенділігін және дербестілігін дамыту;</li> <li>• Құқықтары мен мүдделерін қорғау;</li> <li>• Оқу ісі тәрбие және оқу жұмысы үрдістерін ұйымдастыруға қатысу, сонымен қатар студенттердің тұрмысы мен бос уақытын ұйымдастыруға көмектесу;</li> </ul>
<b>Үйірме атауы</b>			
1	Көңілді тапқыштар клубы		<p><b>Мақсаты:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- КТК-н қозғалыста дамытуға;</li> <li>- Сайыстар мен чемпионаттар және фестивалдар өткізуге;</li> <li>- Жоғары оқу орындары арасында достық қарым- қатынас жасауға қолайлы жағдай туғызуға;</li> <li>- Институттың қоғамдық және мәдени өміріне студент жастарды тарта отырып, мазмұнды сауық ұйымдастыру.</li> </ul>
2	Жалын поэзия клубы	Әділов Аманжан	<p><b>Мақсаты:</b></p> <p>Жастарды рухани мәдениеттілікке, жаманнан жиреніп, жақсыға үйір болуды үйрету</p>
3	«Гладиатор» дебат клубы	Бақыткерей Жанаргуль	<p><b>Мақсаты:</b></p> <p>Пікір - сайыс арқылы қоғамда саяси сауатты, еркін көзқарасы бар демократиялы қарым қатынасқа қалыптасқан тұлға өсіріп, жетілдіру. Пікір - сайыстардың атқаратын негізгі қызметі сын тұрғысынан ойлай білу қабілетін дамыту. Пікір - сайыс жастарды өркениетті қарым қатынастарға, өз көзқарастарын қорғауға, қарсыластарына дәйекті сын айтуға үйрету. Шешендік өнер негіздеріне</p>

			баулу.
4	«Қызғалдақ» қыздар клубы	Өмірғалиева Р.С	<p><b>Мақсаты:</b>  Қыз баланың қоғамның белсенді мүшесі екенін ұғынуға, адал достықты түсінуге, өнерге, мәдениетке, өткен тарихымызды білуге, отан сүйгіштікке тәрбиелеу, мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерін, ізеттіліктерін қалыптастыру, қыз бала алдында қоғамның, елдің, ұлттың болашағы және үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын ұғындыру, әдеп пен сыпайылық, инабаттылық, тазалық пен адамгершілік нәрімен сусындату.</p>
5	Спорт үйірмесі	Мұхамбетқалиев Б.С	<p><b>Мақсаты:</b>  Салауатты өмір салты мен адамның өз денсаулығы үшін ынтымақты жауапкершілігі арттыру;  жастар спорты мен сауықтыру демалыстарын дамытуда кешендік пен жүйелілікті қамтамасыз ету;  жастарды спорттық-сауықтыру шараларына жұмылдыру тұрғысында жұмыс жасау;  жастар арасындан профилактикалық шараларды аймақтық дәрежеде өткізуді қолға алу.</p>
6	Бизнес клубы	Нурпейіс Г.С.	<p><b>Мақсаты:</b>  Студенттерді бизнесті ұйымдастыру қағидлары мен әдістерін, қызмет жағдай мен түрлерін білуді, қалыпты қызметті қамтамасыз ететін барлық ресурстардың оңтайлы жолдарын анықтауды, кәсіпкердің шаруашылық қызметіне талдау жүргізу, шаруашылық қызметтің кәсіпкерлік тәуекелінің бағасын анықтау, кәсіпкерлік мәмілелерді ұйымдастыру әдістемесін қолдануды үйрету.</p>

7	«Таможенник» клубы	Жанаева А.А	<p><b>Мақсаты:</b>  Қазақстан Республикасының кедендік саясаты Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының құрамдас бөлігі болып табылады. Содықтан да бұл үйірменің мақсаты студенттерді кеден ісі саласына қатысты мәселелер жөнінде түсінік беру. Атап айтсақ, кеден заңдарын еркін меңгеріп, түсінуге, кеден шекарасы арқылы тауарлар тасымалының тәртібі жөнінде түсінік беруге, кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік түрлерін білуге, кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылау жүргізу, кеден режимдерін дұрыс қолдануды және т.б. үйрету.</p>
9	«Ағылшын тілі» үйірмесі	Теміртасова А.Т.	<p><b>Мақсаты:</b>  Студенттердің ағылшын тіліне деген қызулығын арттыру;  Студенттерді оқытылатын тіл елінің салт дәстүрімен, мерекелерімен таныстыру.</p>
10	«Неміс тілі» үйірмесі	Қақпанбаева Н.М.	<p><b>Мақсаты:</b>  Студенттердің тәл байлығын дамыту. Студенттерді Германияның атақты ғалым, жазушыларының е,бектерімен таныстыру</p>
11	«Құқықтанушы»	Бозахаева Г.К.	<p><b>Мақсаты:</b>  Өскелең жас ұрпақты қоғамның заңдары мен нормаларды бұлжытпай орындау және Ата заңымызды сыйлау рухында тәрбиелеу, мемлекет пен қоғам ісіне саналы т.рде білсенділікпен қатысып, өз Отанын әрқашан қорғауға дайын болуға тәрбиелеу.</p>
12	«Этика және эстетика» үйірмесі	Қақпанбаева Н.М.	<p><b>Мақсаты:</b>  Жастарды сыпайылыққа тәрбиелеу;  Әдептілікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу;  Жастарды адагершілік бағытта тәрбиелеу;  Жүріс тұрыс мәдениеті;  Сөйлеу мәдениеті, сәлемдесу әдебі;  Әдемілікке, сұлулыққа тәрбиелеу;  Киім киюдің жарасымдылығы, үйлесімділігі;  Талғампаздық;</p>

**Атырау инженерлік- гуманитарлық институтының 2020-2021 оқу жылына арналған ағымдағы әлеуметтік-тәрбие жұмысының ЖОСПАРЫ**

<b>№</b>	<b>Өткізілетін – іс шаралар</b>	<b>Өткізілетін уақыты</b>	<b>Жауаптылар</b>	<b>Өзгерістер</b>
<b>Тәрбие жұмысын ұйымдастыру</b>				
1	Кафедралардағы тәрбие жұмысының жоспарын бекіту, топ кураторларын бекіту	Тамыз	Әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор	
2	Білім күніне арналған жалпы институттық мерекелік шаралны ұйымдастыру және өткізу	1 қыркүйек	Проректор	
3	Студенттерді институт Жарғысымен және оқу ғимаратындағы, жатақханадағы ішкі тәртіп ережесімен таныстыру	Қыркүйек	Деканат, Топ кураторлары	
4	Оқу жүйесінің жағдайы және ішкі тәртіпті сақтау мақсатында топ кураторларымен кеңес өткізу.	Қыркүйек	Әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор	
5	Институт жатақханасындағы кезекшілік кестесін бекіту	Қыркүйек	Әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, жатақхана меңгерушісі	
6	Институт студенттерінің белгіленген уақыт бойынша дәрігерлік қаралудан өтуін қадағалу	Жыл бойы	Деканат, институт медбикесі, жастар ісі жөніндегі комитет	
7	Құқық бұзушылыққа қарсы арнайы кеңес құрып оның жоспарын бекіту.	Қыркүйек	Рухани жаңғыру орталығы Құқықтану үйірмесінің жетекшісі	
8	Кафедралар арасында сайыс ұйымдастыру және өткізу	Жыл бойы	Жастар ісі жөніндегі комитет деканат, кафедра	

			меңгерушілері	
9	Әлеуметтік-тәрбие бойынша үйірмелермен клубтардың жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек	Әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор	
10	Елбасының дәстүрлі жолдауын кафедраларға тарату және насихаттау жұмыстарын ұйымдастыру	Жыл бойы	Әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Рухани Жаңғыру орталығы	
11	Институт тынысын қалалық БАҚ-та жария ету.	Жыл бойы	Рухани Жаңғыру орталығы	
12	Әр топтардағы қоғамдық жұмыстарда студенттің өзін өзі басқару жүйесін ұйымдастыру, белсенді студенттерді анықтау	Жыл бойы	Жастар ісі жөніндегі комитет, үйірме жетекшілері	
13	ҚР Конституциясы күніне орай салтанатты жиынға дайындалу және өткізу	Тамыз	Әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор	

**Мәдени – көпшілік шаралар**

**Рухани-адамгершілік, эстетикалық және азаматтық-патриоттық тәрбие**

14	«Сәлем бірінші курс студенті!» атты «Студенттер қатарына қабылдау» рәсімін өткізу	Қыркүйек – Қазан	Институт проректоры	
15	Тіл мерекесіне орай «Анамның тілі айбыным менің!» атты шара ұйымдастыру және өткізу		Рухани Жаңғыру орталығы, «Шетел тілі: екі шетел тілі пәндері» кафедрасы	
16	1 курс студенттерінің шығармашылығы мен спортқа бейімділігін байқау мақсатында «Біз таланттарды іздейміз!» атты сайыс өткізу.	Қазан	Жастар ісі жөніндегі комитет, үйірме жетекшілері	

17	Мұғалімдер күніне арналған «Ұстазым менің ұстазым» атты мерекелік концерт	Қазан	Жастар ісі жөніндегі комитет	
18	Әр кафедра арасында КВН ойындарын өткізу.	Қараша	КВН жетекшісі	
19	Дүниежүзілік жастар мен студенттер күніне арналған: «Біз Егеменді елдің ертеңіміз!» атты концерттік бағдарлама	Қараша	Жастар ісі жөніндегі комитет	
20	Ер балалар арасында «Әскер қатарына бару – есею жолы» атты пікірталас өткізу	Желтоқсан	«Жас ұлан» дебат клубының жетекшісі	
21	16 желтоқсан - ҚР тәуелсіздігі күніне орай арнайы тақырыптық кітап көрмесін ұйымастыру.	Желтоқсан	Рухани Жаңғыру орталығы, кітапхана қызметкерлері	
22	Тәуелсіздік күніне орай «Айбынды асқақ Қазақ елі» атты патриоттық ән кешін ұйымдастыру	Желтоқсан	Жастар ісі жөніндегі комитет	
23	ҚР тәуелсіздігі күніне орай «Тәуелсіздік тұғырында» атты дөңгелек үстел өткізу.	Желтоқсан	«Инженерлік – техникалық пәндер» кафедрасы	
24	Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіз елім – кең байтақ жерім» атты қабырға газеттері мен шығармалар сайысын ұйымдастыру	Желтоқсан	Рухани Жаңғыру орталығы, Жастар ісі жөніндегі комитет Топ кураторлары	
25	Студент топтар арасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің маңыздылығын түсіндіру	Желтоқсан	Рухани Жаңғыру орталығы Топ кураторлары	

26	2021 Жаңа жылды қарсы алуға арналған іс-шараларды дайындау және өткізу.	Желтоқсан	Жастар ісі жөніндегі комитет «Экономик және Кеден ісі» пәндері кафедрасы	
27	«Патриот болу дегеніміз Қазақстанды өз жүрегінде сақтау» дөңгелек үстел	Ақпан	Жастар ісі жөніндегі комитет «Әлеуметтік ізгілендіру және жаратылыстану» кафедрасы	
28	Кураторлар арасында «Ұстаздық еткен жалықпас» атты сайыс өткізу	Наурыз	«Информатика, автоматтандыру және басқару» кафедрасы	
29	Рухани тәрбиелік мақсатта «Қыз өссе елдің - көркі» атты мерекелік шараны ұйымдастыру және өткізу	Наурыз	«Қызғалдақ» қыздар клубының жетекшісі	
30	8 – Наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған «АИГИ аруы – 2021» байқауын өткізу	Наурыз	Жастар ісі жөніндегі комитет «Шетел тілі: екі шетел тілі пәндері» кафедрасы	
31	Наурыз мейрамына арналған «Наурыз – береке бастауы» атты мерекелік іс – шараны ұйымдастыру	Наурыз	Деканат «ИТП» кафедрасы	
32	«Өз таңдауыңды дұрыс жаса! атты тақырыбында институт ректорымен кездесу ұйымдастыру	Наурыз	Әлеуметтік мәселелер жөніндегі жөніндегі проректор	
33	«Қисық айна» атты күлкі күніне арналған мерекелік концерт өткізу	Сәуір	«Өрлеу» театры, Жастар ісі жөніндегі комитет	
34	«Студенттік көктем - 2021» фестивалін өткізу	Сәуір	Жастар ісі жөніндегі комитет «Экономика және Кеден ісі пәндері» кафедрасы	
35	Әр топтар арасында дебат сайысын өткізу		«Жас ұлан» дебат клубы	

36	Қазақстан халықтары бірлігі күніне орай мерекелік концерт ұйымдастыру	Мамыр	Қазақстан Халқы Ассамблеясы «Әлеуметтік ізгілендіру және жаратылыстану» кафедрасы	
<b>Құқықтық тәрбие</b>				
37	Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен бірлесе отырып студенттер арасындағы қылмыстың алдын алу мақсатында семинар- кеңес өткізу	Жыл бойы	Жастар ісі жөніндегі комитет	
38	«Шылым шегудің зияны» 1,2 курс студент қыздар арасында лекция ұйымдастыру	Қазан	Жастар ісі жөніндегі комитет Топ кураторлары «Қызғалдақ» қыздар клубының жетекшісі	
39	Құқықтық мәселелер бойынша заңгерлермен кездесу ұйымдастыру	Жыл бойы	Жастар ісі жөніндегі комитет Құқықтану пәнінің оқытушылары	
40	«Қылмысқа не итермелейді?» дөңгелек үстел	Қараша	«Құқықтану» үйірмесінің жетекшісі	
41	Құқық нормалары мен қоғамдық тәртіпті бұзуларды талқылау	Жыл бойы	Кафедра меңгерушілерінің, топ жетекшілерінің нұсқалығымен	
42	1 желтоқсан дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күніне наркодиспансердің медицина қызметкерлерінің қатысуымен 1 курс студенттерімен кездесу	Желтоқсан	Жастар ісі жөніндегі комитет Деканат Спорт үйірмесінің жетекшісі	
43	Қалалық және облыстық ІІМ мамандарымен «Құқық бұзушылық және оған жауаптылықтың шеңбері қандай?»		Құқықтану пәнінің оқытушылары, «Құқықтану» үйірмесінің жетекшісі	



	тақырыбында кездесу, сұхбаттасу			
<b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру</b>				
44	«Президенттік миля – денсаулыққа апарар жол!» атты денсаулық фестиваліне қатысу	Қыркүйек	Спорт үйірмесінің жетекшісі Жастар ісі жөніндегі комитет	
45	Оқу ғимаратындағы және жатақханадағы салауатты өмір салтын насихатайтын хабарландыру бұрыштарын жаңарту	Қыркүйек	Жастар ісі жөніндегі комитет	
46	«Денсаулығың өз қолыңда!» деген атпен мини футболдан жарыс	Қазан	Спорт үйірмесінің жетекшісі	
47	Халықаралық шылымға қарсы күрес күніне орай «Қазақстан Денсаулығы» атты акция ұйымдастыру	Қараша	Спорт үйірмесінің жетекшісі	
48	«АИГИ студенттері нашакорлыққа және ЖҚТБ-ға қарсы!» атты онкүндік акция өткізу	Қараша – Желтоқсан	Спорт үйірмесінің жетекшісі, Жастар ісі жөніндегі комитет	
49	Институт оқытушылары мен қызметкерлері арасында спартакиада өткізу	Қаңтар	Спорт үйірмесінің жетекшісі	
50	Студенттердің қалалық, облыстық, республикалық спартакиадаларға қатысуы	Жыл бойы	Спорт үйірмесінің жетекшісі, Жастар ісі жөніндегі комитет	
51	«Үздік спротсмендер» бұрышын жасақтау	Жыл бойы	Спорт үйірмесінің жетекшісі	
52	Салауатты өмір салтын қалыптастыру, патриоттық сезімді ояту, салт-дәстүр мен әдет ғұрыпқа деген	Жыл бойы	Спорт үйірмесінің жетекшісі, «Құқықтану» үйірмесінің жетекшісі	

	көзқарасты дамыту бағыту бойынша әңгімелер, лекцияларды ұйымдастыру			
53	Валейбол, баскетбол ойындарын ұйымдастыру	Наурыз	Спорт үйірмесінің жетекшісі	
54	Ректор кубогы үшін шахматтан турнир өткізу	Ақпан	Спорт үйірмесінің жетекшісі	
<b>Экологиялық тәрбие</b>				
55	Қалалық сенбіліктермен тазалық жұмыстарын ұйымдастыру және ат салысу	Жыл бойы	Әкімшілік-шаруашылық проректоры, деканат, кафедра меңгерушілері	
56	«Институт – біздің үйіміз!» деген ұранмен жатақхана мен университет территориясындағы сенбіліктерді ұйымдастыру	Жыл бойы	Деканат, Кафедра меңгерушілері Жатақхана меңгерушілері	
57	«Бейсенбі – тазалық күні» атты акция өткізу	Жыл бойы	Әкімшілік-шаруашылық проректоры Кафедра меңгерушілері Топ кураторлары	
58	Студенттік жатақхананы тексеру, рейд жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы	Әлеуметтік мәселелер жөніндегі жөніндегі проректор Жастар ісі жөніндегі комитет	
59	«Байқоңыр ғарыш айлағы және оның табиғатқа тигізер зиян - зардаптары» атты пікірталас	Ақпан	«Жас ұлан» дебат клубы	
60	Қоршаған ортаны қорғау мақсатында: «Өз ағашыңды отырғыз» атты акциясын өткізу	Сәуір	Жастар ісі жөніндегі комитет	
61	Кафедралар арасында «Табиғат – өмір сыйлайды» деген атпен қабырға	Жыл бойы	Топ кураторлары	

	газеттер сайысын ұйымдастыру			
<b>Діни экстремизмнің алдын алу шаралары</b>				
62	Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу шаралары	Қыркүйек	Жастар ісі жөніндегі комитет «Бизнес, басқару, құқық» кафедрасы	
63	«Діни экстремизм – жастар болашағы үшін қауіп» атты пікір талас	Қазан	Жастар ісі жөніндегі комитет «Бизнес, басқару, құқық» кафедрасы	
64	«Діни-саяси экстремизм мен терроризмге қарсымыз!» дөңгелек үстел	Қазан	Құқықтану үйірмесінің жетекшісі	
65	Лаңкестіктің қалайша алдын аламыз? атты діни істер басқармасының мамандарымен кездесу	Қараша	Әлеуметтік мәселелер жөніндегі жөніндегі проректор Рухани Жаңғыру орталығы	
66	«Діни экстремизм – миф емес, өмір шындығы» атты шығармалар сайысын өткізу	Қараша	Декандар Топ кураторлары	
67	Атырау облысындағы облысындағы діни ахуал және экстремизм мен терроризмнің алдын алу шаралары атты семинар	Желтоқсан	Әлеуметтік мәселелер жөніндегі жөніндегі проректор	
68	«Діннің келешегі» тақырыбында 1 және 2 курс студенттері арасында пікірталас ұйымдастыру	Ақпан	Жастар ісі жөніндегі комитет Деканат Кафедра меңгерушілері	
69	«Ғасыр қасиеті – діни экстремизм» атты облыстық діни істер жөніндегі басқармасының мамандарымен кездесу	Наурыз	Әлеуметтік мәселелер жөніндегі жөніндегі проректор	
70	«Діни экстремизм адамзат болашағы	Жылына 2 рет	Деканат Топ кураторлары	

	үшін –қауіп» атты әр топтарда тәлімгерлік сағат өткізу			
71	«Дін және қоғам» атты мешіт имандарымен пікір алмасу	Сәуір	Әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Рухани Жаңғыру орталығы	
72	Студенттермен әр түрлі діни ағымдардың әсер етуі және олардың бағыт бағдары тақырыбында жарыссөз ұйымдастыру	Мамыр	Жастар ісі жөніндегі комитет Рухани Жаңғыру орталығы Деканат Кафедра менгерушілері	

**Әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі проректор**

**Б.Қарабаев**